Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы – № 3 (124)/2018, 61-67 б.
Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University – № 3 (124)/2018, 61- 67 pp.
http://bulpedps.enu.kz/; E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

ХҒТАР 34.01.45

Р.Х. Курманбаев[1], Г.Р. Унгарбаева[2], С.Қ. Таженова[3]
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда, Қазақстан
(E-mail:[1]rakhat72@mail.ru, [2]gulshat_ungarbaeva@mail.ru, [3]sandugash_77.09@mail.ru)

БАОӨЖ сабақтарында критериалды бағалауды пайдалану жолдары

Аннотация. Мақалада студенттердің БАОӨЖ сабақтарында критериалды бағалауды пайдалану жолдары қарастырылған. Критериалды бағалау ұғымының анықтамалары келтіріліп, оның оқыту мен бағалаудағы ролі көрсетіледі. Дұрыс құрастырылған бағалау критерийлері оқу материалын түсіну тереңдігін жан-жақты өлшеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мақалада 5В011300-Биология мамандығының 3 курс студенттерімен өткізілген «Өсімдіктер физиологиясы» және «Қолданбалы биология топырақтану негіздерімен» пәндері бойынша БАОӨЖ сабақтарында критериалды бағалауды қолдану әдістемесі ұсынылған. Студенттердің тақырып бойынша теориялық және практикалық білімін және оқу мақсаттарына жету дәрежелерін бағалауда Б. Блум таксономиясына сәйкес білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау деңгейлері бойынша бағалау нұсқалары қарастырылған. Нәтижесінде бағалау критерийлері алдын - ала белгілі болғандықтан студенттің жеке басы емес, тек қана жұмысы бағаланатынындығы туралы қорытынды жасалынады.

Түйін сөздер. Критерий, критериалды бағалау, Б.Блум таксономиясы, дескрипторлар, жетістік дәрежесі.

DOI: https://doi.org/10.32523/2616-6895-2018-124-3-61-67

Кіріспе. Еліміздің білім беру жүйесінің әлемдік білім беру жүйесіне кірігуі орта біліммен қатар, жоғары білім беруде де өзгерістер туындатуда. Мәселен орта білім берудегі жаңартылған білім беру мазмұны педагогикалық жоғары оқу орындарында өз жалғасын табуда, себебі бүгінгі студент-болашақ мұғалім. Ал болашақ мұғалімді кәсіби қызметке даярлау тек әдістемелік пәндерде ғана жүргізумен шектелмеуі тиіс. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы Кембридж университетінің Білім беру факультетімен бірлесіп әзірленген ҚР педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасы негізінде дайындалған педагог кадрларды даярлайтын ЖОО-ның профессорлық-оқытушылық құрамы қатарынан тренерлерді оқыту бағдарламасы бойынша курстан өткен оқытушылар өз тәжірибелерінде оқытудың жеті модулін сәтті кіріктіріп келеді. Бұл мақалада критериалды бағалауды БАОӨЖ сабақтарында қолдану мүмкіндіктері туралы тәжірибемізбен бөліспекпіз.

Негізгі бөлім. Ең алдымен критериалды бағалау ұғымының мәнін ашып алайық. Критериалды бағалау - бұл білім берудің мақсаты мен мазмұнына негізделген білім алушының оқу-танымдық құзырлығын қалыптастыруда алдын-ала белгіленген жетістіктермен салыстыру үрдісі [1]. Критериалды бағалау білім алушылардың оқу жетістіктерін нақты айқындалған, ұжымдық құрастырылған, білім алу процесінің барлық қатысушыларына алдын-ала белгілі, білім берудің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін және білім алушының оқу-танымдық құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік беретін критерийлермен салыстыруға негізделген процесс [2]. Келтірілген анықтамалардан критериалды бағалау ұғымының негізінде «критерий» термині жатқанын көруге болады. Е.С. Рапацевичтің Педагогика анықтамалығында критерий ұғымына былайша анықтама беріледі: критерий (грекше kriterion – пайымдау құралы) – бұл нақты бір нәрсені бағалауға арналған белгі; өлшеуіш; нысанды өлшеуге және соның негізінде бағалауға мүмкіндік беретін шартты түрде қабылданған шара [3]. Бұдан «критерий» терминінің білім беру жүйесінде білім алушының оқу жетістігі деңгейін анықтайтын белгі немесе өлшем ретінде қолданылатынын көре аламыз. Алдыңғы мақаламызда критериалды бағалаудың білім берудегі алатын орны және оның түрлері қарастырылғандықтан [4], 5В011300-Биология мамандығы бойынша «Өсімдіктер физиологиясы» және «Қолданбалы биология топырақтану негіздерімен» пәндері бойынша БАОӨЖ сабақтарында критериалды бағалауды қолдану әдістемесін ұсынамыз.

Пән: Өсімдіктер физиологиясы

БАОӨЖ тақырыбы: Фотосинтез

Мақсаты: Студенттердің тақырып бойынша теориялық және практикалық білімін жүйелеу, оқу мақсаттарына жету дәрежелерін Б.Блум таксономиясының ойлау дағдыларының білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау деңгейлері бойынша бағалау.

Барысы: А) топтық жұмыс. Қарастырылатын сұрақтар:

1-топ: Жапырақ-фотосинтез процесі жүретін негізгі мүше

2-топ: Фотосинтездің жарық сатысы


3-топ: Фотосинтездің қараңғы сатысы

4-топ: Фотосинтезге ішкі және сыртқы жағдайлардың әсері

Ә) жеке жұмыс (төрт нұсқада, бұл жерде бір нұсқа ұсынылып отыр).

Критерий А. Білу, түсіну

1. Хлоропласттың құрылысын жазыңыз



1-

2-

3-

4-

5-

6-

6-

2.Схеманы толықтырыңыз

Жасыл-жапырақ пигменттері


Критерий В. Қолдану, талдау

3. Кестені толтырып, фотосинтездің әр сатысының ерекшеліктерін табыңыз

Фотосинтездің сатысы	Жүретін орны	Энергия көзі	Жүретін процестер
Жарық фаза			
Қараңғы фаза			

Критерий С. Жинақтау, бағалау

4. Берілген схемаға сәйкес өз ойларыңызды, пайымдауларыңызды негіздеңіз



Б) Критерийлер бойынша бағалау

Критерий	**Ж е т і с т і к дәрежесі** (балл)	**Дескрипторлар**
А, Білу және түсіну (max 3)	1	Студент хлоропласттың құрылысын және жасыл жапырақ пигменттерін білмейді.
	2	Студент хлоропласттың құрылысын және жасыл жапырақ пигменттерін біледі, бірақ оларды шатастырады.
	3	Студент хлоропласттың құрылысын және жасыл жапырақ пигменттерін біледі.
В, Қолдану және талдау (max 4)	1	Студент фотосинтездің жарық және қараңғы фазалары туралы ештеңе білмейді.
	2	Студент фотосинтездің жарық және қараңғы фазаларының жүретін орнын білгенімен, оған қажетті энергия көзін шатастырады.
	3	Студент фотосинтездің жарық және қараңғы фазаларының жүретін орнын, қажетті энергия көзін білгенімен, әр фазада жүретін процестерді талдай алмайды.
	4	Студент фотосинтездің жарық және қараңғы фазаларының жүретін орнын, қажетті энергия көзін, әр фазада жүретін процестерді толық біледі, білімді толық қолдана алады.
С, Жинақтау және бағалау (max 3)	1	Студент фотосинтездің C_3 және C_4 жолдарының ерекшеліктері туралы өз ойларын жазбаған.
	2	Студент фотосинтездің C_3 және C_4 жолдарының ерекшеліктері туралы өз ойын жазғанымен, оларды теориялық тұрғыдан негіздей алмаған.
	3	Студент фотосинтездің C_3 және C_4 жолдарының ерекшеліктері туралы өз ойын жазып, оларды теориялық тұрғыдан негіздей алған.

Жинаған баллды кредиттік жүйеге сәйкес бағаға айналдыру

Критерий бойынша балл	**Баллдың жиынтығы**	**Баға**
3-4 ***балл***	9-10	90-100%
2 ***балл***	6-8	66-89%
1 ***балл***	3-5	50-65%

Пән: Қолданбалы биология топырақтану негіздерімен
БАОӨЖ тақырыбы: Топырақтың түрлері және таралуы.

Мақсаты: Студенттердің тақырып бойынша теориялық және практикалық білімін жүйелеу, оқу мақсаттарына жету дәрежелерін Б.Блум таксономиясының ойлау дағдыларының білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау деңгейлері бойынша бағалау.


Барысы:

А) топтық жұмыс. Қарастырылатын сұрақтар:
1-топ: Топырақтың түрлері
2-топ: Топырақтың құрамы
3-топ: Топырақтың таралуы
4-топ: Топырақтың құрылымы

Ә) жеке жұмыс (төрт нұсқада, бұл жерде бір нұсқа ұсынылып отыр).

Критерий А. Білу, түсіну

1. Топырақ қабаттарының кесіндісін жазыңыз

	1- 2- 3- 4-

2.Схеманы толықтырыңыз
Топырақ түзуші факторлар кластерін құру:
Критерий В. Қолдану, талдау

3. Кестені толтырып, топырақтың зоналар бойынша өзгеруін анықтаңыз

	Шөл	Шөлейт	Дала	Орманды дала
Топырақтың зоналық таралу түрлері				

Критерий С. Жинақтау, бағалау





1-сурет 2-сурет

Б) Критерийлер бойынша бағалау

Критерий	**Жетістік дәрежесі** (балл)	**Дескрипторлар**
А, Білу және түсіну (max 3)	1	Студент топырақтың қабаттарын білмейді
	2	Студент топырақтың қабаттарын біледі бірақ шатастырады.
	3	Студент топырақ қабаттарын біледі.
В, Қолдану және талдау (max 4)	1	Студент топырақ түзуші факторлар туралы ештеңе білмейді.
	2	Студент топырақ түзуші факторлар туралы білгенімен шатастырады.
	3	Студент топырақ түзуші факторлар туралы білгенімен олардың арасында жүретін процестерді талдай алмайды.
	4	Студент топырақ түзуші факторлар туралы толық біледі, білімді толық қолдана алады.
С, Жинақтау және бағалау (max 3)	1	Студент суретте көрсетілген топырақ эрозиясы туралы өз ойларын жазбаған.
	2	Студент суретте көрсетілген топырақ эрозиясы туралы өз ойын жазғанымен, оларды теориялық тұрғыдан негіздей алмаған.
	3	Студент суретте көрсетілген топырақ эрозиясы туралы өз ойын жазып, оларды теориялық тұрғыдан негіздей алған.

Жинаған баллды кредиттік жүйеге сәйкес бағаға айналдыру

Критерий бойынша балл	**Баллдың жиынтығы**	**Баға**
3-4 ***балл***	9-10	90-100%
2 ***балл***	6-8	66-89%
1 ***балл***	3-5	50-65%

Қорытынды. Критериалды бағалау жүйесінде ең маңызды нәрсе – студент өзін-өзі бағалауды үйреніп, өз білімінің артықшылықтары мен кемшіліктерін көріп, әрі қарай қалай даму керектігін

түсінеді, яғни бұл жүйеде студенттің қалай жұмыс жасағаны бағаланады. Осы орайда студенттердің арасында өзара түсіністік және ұжымдық қарым-қатынасты орнатып, сенімсіздіктерін жойып, мүмкіндіктерін арттыруға жол ашатын бірден бір тәсіл критериалды бағалау болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1 Білім беру мазмұнын жаңарту аясында білім алушылардың оқу жетістігін критериалды бағалау. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық өлшеулер орталығы, 2017. – 22 б.
2 Красноборова А.А. Критериальное оценивание как технология формирования учебно-познавательной компетентности учащихся: автореф. дис...к.п.н.-Нижний Новгород, 2010. –23с
3 Педагогика: большая современная энциклопедия / сост. Е. С.Рапацевич. – Минск : Современное слово, 2005. – 720 с.,
4 Курманбаев Р.Х., Унгарбаева Г.Р. , Таженова С.Қ. ЖОО-да критериалды бағалауды қолданудың мүмкіндігі // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. – 2017.-Т. 120. № 5. -С. 164-167б

Р.Х. Курманбаев[1], Г.Р. Унгарбаева[2], С.Қ. Таженова[3]
Кызылординский государственный университет имени Коркыт ата, Кызылорда, Казахстан

Применение критериального оценивания на занятиях СРСП

Аннотация. В статье рассматривается вопрос о том, как использовать критериальное оценивание знаний студентов на занятиях СРСП. Приводятся определения понятия «критериальное оценивание» и описывается роль критериального оценивания в обучении и оценивании. Правильно разработанные критерии оценивания позволяют измерить глубину понимания учебного материала. Наряду с этим, в статье предлагается методика применения критериального оценивания на занятиях СРСП по дисциплинам «Физиология растений» и «Прикладная биология с основами почвоведения» со студентами 3 курса специальности 5В011300 – Биология. Рассматриваются варианты оценивания теоретических и практических знаний студентов и их достижения учебных целей по уровням знания, понимания, применения, анализа, накопления и оценки таксономии Б. Блума. В результате делается вывод о том, что заранее известные критерии оценки позволяют оценить не личность студента, а его работу.

Ключевые слова. критерий, оценка критерия, таксономия Б.Блума, дескрипторы, степень успеха.

R.Kh. Kurmanbayev, G.R. Ungarbayeva, S.K.Tazhenova
Korkyt Ata Kyzylorda State University, Kyzylorda, Kazakhstan

Application of criteria-based evaluation in the classroom

Abstract. The article discusses the question of how to use criteria-based evaluation of students' knowledge in the IWWT classes. Definitions of the concepts of criteria-based evaluation are given and its role in teaching and evaluation is described. A well-designed evaluation criterion allows to make it possible to measure the depth of understanding of the educational material. In addition, the article proposes methods for applying criteria-based evaluation in the IWWT classes on "Plant Physiology" and "Applied Biology with the Basics of Soil Science" disciplines with 3rd year students of specialty 5B011300-Biology. The options for assessing students' theoretical and practical knowledge and their achievement of educational goals on the levels of knowledge, understanding, application, analysis, accumulation and evaluation according to B. Bloom's taxonomy are considered. As a result, it is concluded that previously known evaluation criteria allows to evaluate not the student's personality, but his work.

Keywords. Criteria, criteria-based evaluation, B. Bloom's taxonomy, descriptors, degree of success.

References

1 Bilim beru mazmunyn zhanartu ayasynda bilim alushylardyn oku zhetistigin kriterialdy bagalau [Criteria-based assessment of students' educational achievements in the context of updating of education content], Astana: "Nazarbayev ziatkerlik mektepteri" DBBU Pedagogikalyk olsheuler ortalygy [Astana: Center for Pedagogical Measurements, AEO "Nazarbayev Intellectual Schools"]. 2017. 22 p.
2 Krasnoborova A.A. Kriterial'noye otsenivaniye kak tekhnologiya formirovaniya uchebno-poznavatel'noy kompetentnosti uchashchikhsya: avtoref. dis...k.p.n [Criteria-based estimation as a technology of formation of educational and cognitive competence of students; the author's abstract. dis .... Ph.D.] Nizhniy Novgorod, 2010. 23p
3 Pedagogika: bol'shaya sovremennaya entsiklopediya / sost. Ye. S.Rapatsevich (Sovremennoye slovo, Minsk, 2005) [Pedagogy: Contemporary Encyclopedia / auth E. S. Rapatsevich.] (The Modern Word, Minsk 2005.)
4 Kurmanbayev R.Kh., Ungarbayeva G.R., Tazhenova S.K. JOO-da kriterialdy bagalaudy qoldanydun mymkindigi [The possibility of applying a criteria-based assessment in the University] L.N. Gumilev atyndagy Eurasia ulttyk

universitetinin Xabarshysy, gumanitarlyk gylymdar seriyasy [Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University] **120** (5), 167 (2017)

Авторлар туралы мәлімет:
Құрманбаев Р.Х. -биология ғылымдарының кандидаты, «Биология, география және химия» кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а., Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда, Қазақстан.
Унгарбаева Г.Р. -PhD докторант, «Биология, география және химия» кафедрасы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда, Қазақстан.
Таженова С.К. – география магистрі, «Биология, география және химия» кафедрасының аға оқытушысы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда, Қазақстан.
Kurmanbayev R.Kh. - Candidate of Biological Sciences, Associate Professor of the Department of "Biology, Geography and Chemistry", Korkyt Ata Kyzylorda State University, Kyzylorda, Kazakhstan.
Ungarbayeva G.R. - PhD student, Department of "Biology, Geography and Chemistry", Korkyt Ata Kyzylorda State University, Kyzylorda, Kazakhstan.
Tazhenova S.K. - Master of Geography, Senior Teacher, Department of "Biology, Geography and Chemistry"", Korkyt Ata Kyzylorda State University, Kyzylorda, Kazakhstan.